



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2017 жылғы 28 сәуір

Орталық (ұлттық) банктердің Еуразиялық кеңесінің 36-шы отырысы болып өтті

ҚР Ұлттық Банкінің делегациясы ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Ғ. Пірматовтың басшылық етуімен Орталық (ұлттық) банктердің Еуразиялық кеңесінің *(бұдан әрі – БЕК)* Дилижан қ. (Армения Республикасы) 2017 жылғы 27-28 сәуірде өткен 36-шы отырысына қатысты.

Отырыс барысында тараптар БЕК-ке қатысушы мемлекеттердің банк секторының валюта нарықтарын дамыту және қаржылық тұрақтылығы мәселелерін талқылады.

Іс-шараға қатысушылар атап өткендей, Орталық (ұлттық) банктердің Еуразиялық кеңесі мемлекеттерінің валюта нарықтары ұлттық валюталардың айырбастау бағамының түрлі бағыттағы ауытқуларымен сипатталады. Орталық банктер валюталық саудасаттықтарға өздерінің қатысуын барынша азайтты және күрт тұрақсыздандыру ауытқуларының алдын алу және икемдеу мақсатында валюталық өктемдіктерді жүзеге асырды. Ұлттық валюталардың айырбастау бағамдарының одан әрі серпіні сыртқы факторлардың өзгерістеріне байланысты болады.

Сонымен қатар, іс-шара барысында БЕК-ке қатысушы мемлекеттердің төлем баланстарының жай-күйі және халықаралық резервтерінің серпіні, сондай-ақ Орталық (ұлттық) банктердің Консультативтік кеңесінің қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және қаржылық қолжетімділік жөніндегі қызметінің мәселелері қаралды.

Анықтама ретінде: Орталық (ұлттық) банктердің Еуразиялық кеңесі 2001 жылғы 15 ақпанда «ЕурАзЭО-қа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесі» ретінде құрылды. 2015 жылы ЕурАзЭО-қа қатысушы мемлекеттердің орталық (ұлттық) банктері басшыларының кеңесін Орталық (ұлттық) банктердің Еуразиялық кеңесі етіп құру туралы шешім қабылданды.

БЕК-тің негізгі міндеті орталық (ұлттық) банктердің ұлттық валюталық-қаржы және банк жүйелері, көпжақты және екіжақты төлем-есеп айырысу қатынастарын дамыту мәселелері және орталық (ұлттық) банктердің құзыреті шеңберінде басқа мәселелер бойынша іс-әрекеттерін үйлестіру болып табылады. БЕК-ке Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының орталық (ұлттық) банктері кіреді.